

**«Dariya» балабақшасы 2023 – 24 оқу жылына мектепке дейінгі
ұйымның Қамқоршылық кеңес отырысының
№3 хаттамасы**

Желтоқсан 2023 ж

Қатысқандар: Балабақша әкімшілігі,
Қамқоршылық кеңес мүшелері.

Күн тәртібінде:

1. «Жаңа жылдық» мерекелік іс – шаралардың ұйымдастыруын қадағалау..
2. Балалардың қауіпсіздігін және санитарлық талаптардың сақталуын қамтамасыз ету.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша меңгеруші сөз алып, балабақшадағы Жаңа жылдық ертеңгіліктердің жоспарын таныстырды. Әр жас ерекшелік тобы бойынша іс – шаралар кестесі бекітілгенін атап өтті. Сонымен қатар меңгеруші мерекелік сценарийлардың дайындығы туралы баяндады.

Сөз алды:

Қамқоршылық кеңес төрайымы Амирханова С сөз алып, келесі бақылау қорытындысын айтып өтті:

1. Өрт қауіпсіздігі ережелері толық сақталған.
2. Сыйлықтардың сапа сертификаттары тексерілген.
3. Залды жаңажылдық безендіру үшін барлық жабдықтар қамтамасыз етілген, деді.

Шешім:

1. Жаңа жылдық іс – шаралардың ұйымдастыру деңгейі «қанағаттанарлық» деп танылсын.
2. Ертеңгіліктер бекітілген кестеге сай, артық адам толтырмай өткізілсін.
3. Мереке күндері өрт қауіпсіздігі мен балалар қауіпсіздігіне тәрбиешілер мен әкімшілік тікелей жауапты деп белгіленсін.

Төрайымы:	Амирханова С
Хатшы:	Әубәкір Н.